**Жердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 910 қаулысы

*Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

1. Қоса беріліп отырған Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу ережесі бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. <*>

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.13. N* 862 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 910 қаулысымен
бекітілген

**Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу ережесі**

*Ескерту. Мәтін бойынша сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N* 1417 *, 2006.06.06. N* 511 *, тақырыбына өзгерту енгізілді - 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

1. Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу, сондай-ақ басқа санаттардың құрамындағы жерді олардың нысаналы мақсатының өзгеруіне

байланысты жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санатына ауыстыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстық атқарушы органдар ( республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген жер учаскелерін алып қою және беру жөніндегі өзінің құзыреті шегінде жүргізеді.

Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу мүдделі орталық атқарушы органдардың ұсынымы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелеріне оң қорытынды болған кезде жүргізіледі.

2. Облыстық атқарушы органның (республикалық маңызы бар қала, астана) тапсырмасы бойынша және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы аумақтық уәкілетті органның (республикалық маңызы бар қала, астана) (бұдан әрі - аумақтық орган) ұсыныстары негізінде тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - облыстық жер қатынастары жөніндегі орган) сұралған жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасын әзірлеуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органмен, облыстық органдармен келісіледі және оны облыстық жер қатынастары жөніндегі орган бекітеді.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу туралы бекітілген жерге орналастыру жобасының негізінде тиісті облыстық облыстық жер қатынастары жөніндегі орган облыстық атқарушы органның осы мәселе бойынша шешімінің жобасын дайындайды.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу облыстық атқарушы органның (республикалық маңызы бар қала, астана) шешімі бойынша жүргізіледі.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N* 1417 *қаулысымен.*

3. Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы тиісті жерге орналастыру жобасын әзірлеуді ұйымдастырады.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, орталық атқарушы органмен келісіледі және оны облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы бекітеді.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу туралы бекітілген жерге орналастыру жобасы және облыстық атқарушы органның осы мәселе бойынша шешімі негізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселе бойынша шешімінің жобасын дайындайды.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санатына жатқызу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

*Ескерту. 3-тармаққа өөгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N* 1417 *, 2006.06.06. N* 511 *қаулыларымен.*

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызуға арналған жер құрамына енгізілген жерді жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан алып қою (сатып алу) жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. <*>

*Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

6. <*>

*Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

7. <*>

*Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

8. <*>

*Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

9. <*>

*Ескерту. 9-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

10. <*>

*Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

11. <*>

*Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

12. <*>

*Ескерту. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

13. <*>

*Ескерту. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

14. <*>

*Ескерту. 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.* жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізіледі.

15. <*>

*Ескерту. 15-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N* 943 *(қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК